



Сыр бойы

№23-24 (21098-21099) 14 ақпан, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІМЕН КЕЗДЕСТІ



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Индонезияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мохаммад Фаджрул Рахманмен кездесті. Кездесуде аймаққа инвестиция тарту мәселелері қаралды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

– Қазақстан мен Индонезияны өзара сыйластыққа, бейбітшілікке және ынтымақтастыққа негізделген ортақ құндылықтар біріктіреді. Мемлекет басшыларының қолдауының арқасында екі ел арасындағы қарым-қатынас тұрақты түрде дамуда.

Бүгінде әлемде литий-ионды аккумуляторларға сұраныс қарқынды өскен. Осы бағытта бірқатар елдер, соның ішінде Индонезия аккумулятор өндірісін жүйелі түрде дамытып келеді. Арал өңірінде, нақты айтқанда Шығыс және Батыс Арал учаскелерінде, Жаксыкылыш тұз кен орнында литий қорын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта қосымша геологиялық барлау жүргізіп, литий өндірудің тиімді әрі экологиялық қауіпсіз тәсілдерін анықтау жоспарлануда.

Бұл жоба іске асса, өңір экономикасы-

на инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өнеркәсіптік әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді. Біздің басты міндетіміз – табиғи ресурстарды тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалану.

Сонымен қатар, мәдениет және білім салаларындағы қарым-қатынасты нығайтуға шақырамыз. Білім саласында студенттер, мамандар алмасуға, бірлескен бағдарламалар және техникалық кадрлар даярлауға болады. Қызығушылық білдірген инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетіп, жобаларды кешенді сүйемелдейміз.

Сондай-ақ Қызылорда облысының басым салаларындағы инвестиция қажет ететін 35-тен астам әлеуетті инвестициялық жобаның тизерін ұсынамыз. Жаңа жобаларды орналастыру үшін дайын инфрақұрылымы, 300 гектардан астам жер учаскесі бар 6 индустриялық аймақ

жұмыс жасайды және 550 гектар аумақта «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймақ құрылды. Ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуға әрқашан дайын екенімізді жеткіземіз! Бүгінгі кездесу жаңа жобалар мен бастамаларға жол ашады деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Мохаммад Фаджрул Рахман әріптестік қарым-қатынасты дамыту ниетін білдірді.

Бүгінде өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Кейінгі үш жылда аймақ экономикасына 2 трлн теңгеге жуық, өткен жылы 774 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда аймақта 1 трлн 900 млрд теңгеге 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10 мың 308 жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 100 млрд теңгенің 21 жобасын іске қосу жоспарланған.

«СБ» ақпарат

/// МӘМІЛЕ

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: ЖОҒАРЫ САПА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен жоғары сапалы цифрлық қызметтерді ұсыну, инфрақұрылымды дамыту, бизнесті трансформациялау арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесі талқыланған жиын өтті. Оған «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы Бағдат Мусин, жетекші сала басшылары қатысты.

5-бет



/// Өңір өнімі

ШЫНЫДАН КӨРІНГЕН ШЫНАЙЫ ЕҢБЕК

Кейінгі жылдары өңірде өндіріс орындары көптеп ашылып, өнім өндіре бастады. Олардың қатарында шыны, айна, кірпіш зауыттары мен жиһаз фабрикасы да бар. «Достық» ЖК облыста алғашқылардың бірі болып, қапталған шыны өндіру цехын ашты.



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Өндіріс орнының жалпы аумағы – 1 гектар. Оның ішінде 2000 шаршы метрі қойма, 600 шаршы метрі қапталған шыны өндіру цехы. Сондай-ақ ламинация цехы 500, кенсе 220 шаршы метрді құрайды. Қазір цехта 20-ға жуық адам еңбек етеді. Кәсіпкер жергілікті 100-ден аса цехпен жұмыс істейді. «Достық» ЖК басшысы Жасұлан Пржанов алдымен нысан аумағын таныстырып, қапталған шыны өндіру цехының жұмыс процесін көрсетті.

Жиналған әйнектер тізіліп тұр. Қапталған шыны өндіру цехына бас сұқтық. Мұнтаздай таза ғимарат. Заман талабына сай. Толық автоматтандырылған технология. Кезекті тапсырыс орындалуда. Жұмысшылар да шаруасына тиынақты. Байқағаным, бәрі де жергілікті жастар. Бұрын цех дегенде көз алдымызға басқаша көрініс елестейтін. Көне ғимарат, қол еңбекті қажет ететін құрал-жабдықтар. Мамандардың формасы май, бояу жағылған күйде жүретін. Кейінгі кездері бұл көрініс мүлде өзгерген. Себебі қаншама ірілі-ұсақты өндіріс орындарында болып жүрміз. Бастысы жаңа нысан, робот техника, жылжымалы лента бойына салынған шикізат бірнеше уақыттан кейін дайын өнімге айналуға. Қара жұмыс істеп жүрген маман жоқ. Әлгі процесті тек бағдарлама арқылы басқарып, нұсқаулық берсе жеткілікті. Автоматтандырылған техника өзі атқарады. Қапталған шыны өндіру цехында да жұмыс процесі дәл осылай өріп жатыр.

– Бұл өңірдегі алғашқы жаңа технологиямен жабдықталған, қапталған шыны өндіретін цех деп айта аламын. Облыста құрылыс қарқынды. Сол себепті оған сұраныс жоғары.

7-бет

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы казак жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып,

Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап,

мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап,

Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп,

Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз.

I бөлім

Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап

Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.

2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын, бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын конституциялық заңда айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі конституциялық заңда айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.

6. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) – теңге.

Тенгені эмиссиялау айрықша құқығы Қазақстан Республикасына тиесілі.

7. Қазақстан Республикасының Егемендігі,Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

3-бап

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; зан мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; қоғамдық диалогті дамыту; еңбексүйіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.

4-бап

1. Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік несі.

2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республи­касының Құрылтайына тиесілі. Қазақстан Республи­касының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттік шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну және өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы – Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасыныңаумағындахалықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.

4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы – оларды қолданудың міндетті шарты.

5. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.

Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.

Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жеңілдететін болса, онда жаңа заң қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандық танылады.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекеттік қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.

3. Мәқсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген жасақ құруға тыйым салынады.

4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негізделі саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

7-бап

1. Дін мемлекеттен бөлек.

2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін.

8-бап

1. Қазақстан Республикасында барлық меншік түрі танылады, оларға кепілдік беріледі және тең қорғалады.

2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет мүддесіне сай келуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы белгіленген талаптар сақталып іске асырылуға тиіс, басқа тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік нелерінің құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

9-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады.

3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қамқорлық көрсетеді.

10-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

11-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Оларын сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

II бөлім

Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер

12-бап

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар.

Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайышы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.

2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегін алу құқығы танылады.

13-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан бірыңғай және тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматын өз азамат­тығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады. Шет мемлекетте тұғанына байланысты сол мемлекеттің азаматтығын алған кәмелетке толмаған балаға қатысты заңда көзделген ережелер қолданылады.

14-бап

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарт­тарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.

2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аума­ғынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

15-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады.

3. Қазақстан Республикасы азаматының өз азамат­тығына орай құқықтары мен міндеттері бар.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарт­тарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

5. Адамның және азаматтың құқықтары мен бос­тандықтарын іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.

6. Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтетіп алуға құқығы бар.

16-бап

1. Заң мен сот алдында бөрі тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

17-бап

1. Өмір сүру құқығы – әр адамның ажыратуға және айыруға болмайтын құқығы.

2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.

3. Өлім жазасына тыйым салынған.

18-бап

1. Әр адамға жеке бас бостандығы мен жеке басына қол сұғылмау құқығына кепілдік беріледі.

2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.

Күзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.

3. Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі.

4. Ұсталған адамның, күліктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған соттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

19-бап

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адам кінәлі деп танылмайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзу­шылыққа кінәлі емес деп саналады.

2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайымына) және заңда айқындалған жақын тұлғасына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы қуәлік етуге міндетті емес.

3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен кәдір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның кәдір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, шифрлық техно­логияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.

2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақ­тардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдары, оның ішінде шифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда

белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22-бап

1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.

2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.

23-бап

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.

2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.

3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Респуб­ликасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.

4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен кәдір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.

5. Цензураға тыйым салынады.

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құры­лыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумағының тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қактығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдылық немесе алауыздықты, қатыгездікпен зорлық-зомбылыққа басууды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға жол берілмейді.

24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақ­стан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның елаумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқығы бар.

2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге ынгуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгі­ленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына келергісіз оралуға құқығы бар.

25-бап

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпы-адамзат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

26-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты және өзге де соттары төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палатасы төрағалары мен мүшелерінің, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызмет­керлері мен жұмыскерлерінің, әскери қызметшілердің саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияға немесе қоғамдық-саяси қозғалысқа қолдау көрсетуге не сыни пікір білдіруге құқығы жоқ.

27-бап

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Еңбекке мәжбүрлеп тартуға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану талары сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітудің сыяқсы алу, сондай-ақ әлеуметтік қорғалу құқығына заңға сәйкес кепілдік береді.

3. Заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.

4. Тынығу, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақи төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

28-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға және шығарып жіберуге жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тінтуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үй соған мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған кез келген мүлкіне жеке меншік құқығы бар.

2. Меншікке және мүрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі.

3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтажы үшін мүлкіті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға оның тең құны өтелген кезде жол бері

Сыр бойы

№23-24 (21098-21099) 14 ақпан, сенбі 2026 жыл

3. Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президентін қызметіне кірiскен сәттен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі тоқтатылады. Қызметінен кетірілгендерлен басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президенттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.

45-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметші лауазымында, квази-мемлекеттік сектор субъектілерінің басшы лауазымында болуға құқығы жоқ.

46-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдау жасайды;

2) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындайды; Вице-Президентті лауазымынан босатады, оның өкілеттігін айқындайды.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Вице-Президентті тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Құрылтайының бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақырады; Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарлады;

4) Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларьмен консультациядан кейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кандидатураны келісім беру үшін Құрылтайдың қарауына ұсынады; депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Премьер-Министрді тағайындайды; Премьер-Министрді лауазымынан босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкімет құрылымын айқындайды; Құрылтаймен консультациядан кейін Премьер-Министр ұсынған Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Мемлекеттік құзет қызметінің Бастығын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерін басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

8) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Конституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге, Жоғарғы аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Қас қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды;

11) адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің Егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мәдісінде Конституциялық Сотқа күшіне енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы және Конституцияның 93-бабында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы өтініш жібереді;

12) Қазақстан Республикасының атынан келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды, ратификациялық грамоталарға қол қояды, шеш мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктері басшыларының, сондай-ақ халықаралық ұйым басшыларының сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

13) мемлекеттік наградаларды, құрметті атақтарды белгілейді;

14) мемлекеттік наградалармен марапаттайды, құрметті атақтарды, жоғары әскери және өзге де атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

15) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселесін, саяси басана беру мәселесін шешеді;

16) кешірім беруді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен аумағының тұтастығына, ішкі саяси тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне тікелей қатер төнсе және бұл мемлекеттік конституциялық органдардың жұмыс істеуін бұзуға алып келсе, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Құрылтайы Төрағасымен ресми консультациядан кейін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақтарында төтенше жағдай енгізуді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, осы мән-жайлар талап ететін шараларды қабылдайды;

18) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында соғыс жағдайын енгізеді, ішпінара не жалпы жұмылдыру жариялайды, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Құрылтайы дегу хабарлайды;

19) өзіне бағынатын Мемлекеттік құзет қызметін құрады;

20) Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімішілігін құрады;

21) Қауіпсіздік Кеңесін, өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесін құрады;

22) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

47-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және олардың орындалуы үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңде Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарды Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оларға заңдардың Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

Үкімет бастамасымен шығарылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оған актілердің Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

48-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның арнамысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Мемлекетке опасыздық жасауды қоспағанда, Президент өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Президенті қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, қызмет көрсету және құзету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының экс-Президенттеріне қолданылады.

49-бап

1. Қазақстан Республикасының Вице-Президентін депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

2. Вице-Президенттің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

3. Вице-Президент Қазақстан Республикасы Президетінің тапсырмасы бойынша Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік етеді, сондай-ақ Президент айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

50-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына мәлімдеме беру арқылы өз еркімен орнынан түсуге құқылы. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің орнынан түсу туралы мәлімдемені өзі және өз еркімен бергенін растайды. Конституциялық Сот қорытынды берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне байланысты лауазымынан босатылды деп саналады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілеті болмаған жағдайда мерзімінен бұрын лауазымынан босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Құрылтай депутаттардан және тиісті медицина салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім комиссияның қорытындысы негізінде және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы негізінде Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінші дауысымен қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін мемлекетке опасыздық жасағанда ғана жауапты болады және бұл үшін Құрылтай онықызметіненкетіругімүмкін. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағу және оны тергеп-тексеру туралы бастаманы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірі көтереді. Бұл мәселе бойынша шешім Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Құрылтай тағылған айыпты тергеп-тексеруді ұйымдастырады және оның нәтижелері Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай отырысының қарауына шығарылады. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім Жоғарғы Соттың айып тағудың негізділігі туралы қорытындысы және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы болған жағдайда Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінші дауысымен қабылданады. Айып тағылған сәттен бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, бұл Қазақстан Республикасының Президентіне қарсы айыпты қабылданбады деп таңуға алып келеді. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың кез келген сақтада қабылданбауы осы мәселені қарауға бастамашы болған Құрылтай депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға алып келеді.

4. Қазақстан Республикасының Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтау мәселесін қарау кезеңінде ұсынылмайды.

51-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Вице-Президентке өтеді; Вице-Президентін денсаулық жағдайына немесе жеке сипаттағы өзге де себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Құрылтай Төрағасына өтеді; Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін Құрылтай Төрағасының қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Премьер-Министрге өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаған тұлға Конституциялық Сотқа Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдеме береді. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдемені осы тұлғаның өзі және өз еркімен бергенін растайды және қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министр өкілеттігін доғарады. Бұл жағдайда бос мемлекеттік лауазымдарға орналасу Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде Құрылтай Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу туралы жариялайды. Сайлау Құрылтай тиісті шешім қабылдаған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлғаның Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасауға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқығы жоқ.

IV бөлім

Құрылтай

52-бап

1. Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы.

2. Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және жанадан шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясының жұмысы басталған кезде аяқталады.

3. Құрылтайдың өкілеттігі Конституцияда көзделген жағдайда және белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Құрылтайдың ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңда айкындалады.

53-бап

1. Құрылтай біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйе негізінде конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады.

2. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

54-бап

1. Құрылтай депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Құрылтай депутаттарының кезекті сайлауы жұмыс істен тұрған Құрылтай шақырылымының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

2. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Жырыма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, оның аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан адам Құрылтай депутаты бола алады.

4. Құрылтай депутаттарының сайлауы конституциялық заңмен реттеледі.

5. Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына ант береді.

55-бап

1. Құрылтай депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Құрылтайда депутаттың жеке өзі дауыс береді. Депутат Құрылтай мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

2. Құрылтай депутаттың қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Құрылтай депутатының өкілеттігі депутат орнынан түскен, қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда тоқтатылады.

Құрылтай депутаты:

1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

4) сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;

5) сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылған;

Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда тоқтатылады.

5. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардыңосы баптың2-тармағының талаптарын және депутаттық әдеп қағидаларын сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және қол сұғылмау кепілдігінен айыруға байланысты мәселелерді дайындау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

56-бап

Құрылтай:

1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қарсылық жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайта талқылап, дауысқа салады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Құрылтай конституциялық заңдар немесе конституциялық заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үшінші дауысымен, ал заңдар немесе заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға немесе заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң немесе заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады;

3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;

6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындау келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауына Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен келісім береді;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды және лауазымынан босатады, олардың антын қабылдайды;

11) Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айырады;

12) Құрылтай депутатының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен Құрылтай депутатын қол сұғылмау кепілдігінен айыру мәселесін шешеді;

13) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінші бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы;

14) Конституциялық Соттың Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

15) жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды;

16) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді. Құрылтайдың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есепін бекітпейі Құрылтайдың Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруі деп саналады;

17) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінші бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Үкімет мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын орындамаған жағдайда, есепті тыңдау қорытындысы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен Қазақстан Республикасының Президенті оны лауазымынан босату туралы өтініш білдіру жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;

18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді;

19) өз қызметінің регламентін қабылдайды және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;

20) Құрылтайдың үйлестіру органы және жұмыс органдарын құрады;

21) Құрылтай комиссияларын құрады, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;

22) Құрылтайға Конституциямен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

57-бап

1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы с

64-бап

1) Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне ант береді.

65-бап

Үкімет:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;

6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;

7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды не қолданысын тоқтата тұрады;

8) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбек- ақы төлеудің бірінғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;

9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) Үкімет қаулысына қол қояды;

3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;

4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынысты мемлекеттік орган- дардың жұмысы үшін Премьер-Министр алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіс- пейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнанын түсуге өтініш береді не лауазымынан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаты болу- ға, оқутышылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қыз- метті жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы- ның заңнамасына сәйкес өзінің лауазымдық міндеті болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

68-бап

1. Үкімет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.

2. Премьер-Министр Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.

3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

69-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан тұсу туралы мәлімдеме беруге құқылы.

3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президен- тіне орнынан тұсу туралы мәлімдейді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.

7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министрді лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI бөлім
Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.

2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап

Қазақстан Халық Кеңесі:

1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;

3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

4) конституциялық заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

VII бөлім
Конституциялық Сот

72-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады. Олардың өкілеттік мерзімі – сегіз жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.

3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасын болып тағайындайды.

4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсыныумен Консти- туциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазағауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

3-бет

73-бап

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдумды өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;

2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;

6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;

7) Конституцияның 50-бабының 2 және 3-тармақта- рында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда – Президенттің өтінішін, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттың өтінішін қарайды.

3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Консти- туциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Бас Прокурордың өтініші бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот азамын және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

6. Конституциялық Сот Конституцияның 50-бабының 1-тармағында және 51-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақ- шасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрыл- тайдың сайланған депутаттарын тіркеу, жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

75-бап

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде азамын және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгіленген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.

Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Консти- туцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындауы Конституцияға сәйкес келмейді деп таныған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

VIII бөлім
Сот төрелігі. Прокуратура.
Құқық қорғау тетіктері

76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңда белгіленген азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен өтеді.

3. Қазақстан Республикасының соттары – Жоғарғы Сот, заңмен құрылған жергілікті және басқа да соттар.

4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, ол адамның, азаматтың, ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, сондай-ақ Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын мақсат етеді.

2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдануға байланысты туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақ- стан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынатын.

2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласуға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.

3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс:

1) ешкімнің өзіне заңда көзделген сотталығын оның келісімінсіз өзгертуге болмайды;

2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдауға құқығы бар;

3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес;

4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;

5) заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;

6) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституцияда белгіленген сот төрелігі қағидаттары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірінғай.

79-бап

Соттардың адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ.

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нор- мативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Консти- туцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқ- сан келтіреді деп тапса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

80-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негіз- делген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Құрылтайдың келісімінсіз оны ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазағауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

81-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

82-бап

Жоғарғы Сот – жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жөкеет сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.

83-бап

1. Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсыныумен сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.

4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалып- тастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

84-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықпен сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірінғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынатын. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

3. Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Бас Прокурор болып тағайындалмайды.

4. Бас Прокурорды қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспа- ғанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Респуб- ликасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұс- тауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазағауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйым- дастырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

85-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазағауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

86-бап

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдеседі. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.

2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

IX бөлім

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

87-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

88-бап

1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкім- шілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүдесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) заңға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

5.МәслихаттыңөкілеттігінҚазақстанРеспубликасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ оның өкілеттігі мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

89-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы орган басшыларын тағайындау және лауазымынан босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті атқарушы органдарға заңмен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

3. Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік-

аумақтық бірліктің әкімі басқарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

4. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті тиісінше астана мәслихаты, облыс аумағындағы мәслихаттар, республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті кемінде екі кандидатураны ұсынады, олар дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көпшілік дауысын алған кандидат келісім алды деп саналады.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымынан босатылады. Қазақстан Респуб- ликасының Президенті өз ұйғаруымен астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымынан босатуға құқылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасымен әкімге сенімсіздік вотумын білдіру мәселесі қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны лауазымынан босату мәселесін тиісінше астана, облыс, республика

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: ЖОҒАРЫ САПА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жиында облыс әкімдігі мен «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аймақ басшысы бірлесіп атқарылатын жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларды бөлісті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Жасанды интеллектіні дамыту, бұл – ұран емес, бұл экономикалық идеологияның негізгі тірегі, тіпті ұлттық идеологиямыздың мызғымас тұғыры болуға тиіс» деп атап өтті. Жасанды интеллект негізінде цифрландырудың басты міндеттерін орындауды тапсырды. Олар – еңбек өнімділігін арттыру, экономиканың экспортқа бағдарланған секторларын қалыптастыру, қосылған құны жоғары өнім шығару, Қазақстанды жаһандық цифрлық экономика қатарына енгізу.

Осы мақсатта 2023 жылдан бері Қорқыт ата атындағы университет базасында Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (SeoulTech) бірлесіп Қазақстандағы

1-бет

алғашқы Жасанды интеллект институты ашылды. Бүгінде институтта 240 студент білім алуда, оның 200-і бірлескен білім беру, 40-ы қос дипломды бағдарламаларда оқиды. Өңірдегі 21 медициналық ұйымға жасанды интеллект арқылы онкологиялық ауруларды ерте анықтауға радиологиялық зерттеудің орталықтандыру технологиясы енгізілуде. Бұл мақсатқа бюджеттен 3 млрд 175 млн теңге бөлінген, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, ҚР Бас прокуратурасының бастамасымен қолға алынған «Цифрлық қадағалау» пилоттық жобасына өңірлерден бірінші болып Қызылорда облысы катисуда. Жедел әрекет ету орталығының «109 – Бірыңғай байланыс орталығы», «112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі» ақпараттықжүйелеріменинтеграция жүргізілді. Қаңтар айында 10 пилотсыз ұшу аппаратын жалға алуға қаражат бөлінді.

Бүгінде облыстағы 223 елді мекеннің 140-ы талшықты-оптикалық байланыс желісімен қамтылған, 5G технологиясының 148 нүктесі іске қосылған.

ОРТАҚ БАСТАМАЛАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы Бағдат Мусинмен кездесті. Кездесуде жоғары сапалы цифрлық қызметтерді ұсыну, инфрақұрылымды дамыту, бизнесіні трансформациялау арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелері талқыланды.

Қазіргі таңда өңірдегі 21 медициналық ұйымда «Жасанды интеллект арқылы онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған радиологиялық зерттеулерді орталықтандыру технологиясын енгізу» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл мақсатқа бюджеттен 3 млрд 175 млн теңге бөлінген.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында барлық ауданда талшықты-оптикалық байланысжелісарқылы539бейнебақылау камерасы мен 49 жылдамдық өлшегіш құрылғы орнатылып, жедел басқару орталықтары жаңғыртылды. Осындай жұмыстар Байқоңыр қаласында және Ақай, Төретам елді мекендерінде де жүргізілді.

Қызылорда қаласында 1400 бейнебақылау камерасы, 80 «зияткерлік қиылыс» және 96 стационарлық жылдамдық өлшегіш

құрылғы орнатылды. Облыстық жедел басқару орталығы қайта жаңғыртылып, жасанды интеллект функциясы бар бейнеаналитикалық жүйе енгізілді.

Аталған жүйеге Ішкі істер министрлігі, облыс әкімдігі, облыстық ұлттық қауіпсіздік және полиция департаменттері қосылған. Жобаларды іске асыруға облыстық бюджеттен 7 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Қазіргі таңда «Қазақтелеком» компаниясымен бірлесіп, қолданыстағы бейнебақылау камераларын Ұлттық бейнебақылау жүйесіне қосу жоспарлануда.

Кездесуде Бағдат Мусин ортақ бастамаларды жүзеге асыруды жалғастыруға ниетті екенін айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ӨҢІРЛІК КОАЛИЦИЯ ІСКЕ КІРІСТІ

«Жаңа Конституция жобасы – елдегі саяси жаңғырулардың заңды әрі кезең-кезеңімен жүзеге асып келе жатқан реформалардың жалғасы. Бұл құжат мемлекеттілікті нығайтып қана қоймай, билік пен қоғам арасындағы өзара жауапкершілікті күшейтеді, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне белсенді араласуына жол ашады. Негізгі құндылық – адам және оның құқықтары мен бостандықтары. Сондықтан Ата Заң халықтың мүддесіне қызмет ететін, әділетті әрі ашық қоғам қалыптастыруға бағытталған нақты әрі тиімді тетіктерді қамтуы тиіс. Біздің басты міндетіміз – осы өзгерістердің мәні мен маңызын өңір тұрғындарына жан-жақты түсіндіріп, олардың пікірін ескеру арқылы қоғамдық диалогты күшейту», – деді «Атапат» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыстық коалиция жетекшісінің орынбасары Жандос Базартай.

Жиында мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі, облыстық мәслихат төрағасы, облыстық коалиция төрағасының орынбасары Мұрат Тлеумбетов, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясы облыстық филиалының төрағасы Бауыржан Сандыбаев, «Ауыл» партиясы облыстық филиалының аппарат басшысы Динара Ибадуллаева, «Respublica» партиясы жүйесін жаңғыртуға, әлеуметтік кепілдіктерді күшейтуге, кәсіпкерлікке қолайлы орта қалыптастыруға, ғылым мен мәдениетті және ұлттық құндылықтарды өркендетуге бағытталған ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттармен толық үндесінін атап өтті.

Сондай-ақ елдің институционалды тұрғыдан жаңа сапалық кезеңге қадам басқаны айтылды.

1-бет



САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ҚИСЫНДЫ ЖАЛҒАСЫ

Қоғам бір орында тұрмайды, әрдайым даму үстінде ізденісте болады. Қазіргі саяси жаңғырудың түпкі мақсаты – мемлекеттілік пен Тәуелсіздікті күшейту және Әділетті Қазақстан құру жолындағы жаңа конституциялық модельге көшу. Осы жолда ұлттың бірлігі, қоғамдық келісім және жауапкершілік айрықша мәнге ие. Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев демократиялық реформаларды жалғастырып жатқан егемен еліміз үшін аса маңызды өзгерістер туралы жариялады.

Бұл – Мемлекет басшысының бастамасымен жасалып жатқан жаңа әрі Әділетті Қазақстан құру жолындағы саяси жаңғырудың қисынды жалғасы. Себебі бұған дейінгі Жолдауында Президентіміз қос палаталы Парламентті бір палаталы заң шығарушы орган етіп құруды, соған сәйкес конституциялық реформа жасап, референдум өткізуді ұсынған еді.

Қазіргі қолданыстағы Конституцияның 48-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-министріне көшеді...» деп бекітілген. Ата Заңға сәйкес, мемлекетіміздегі Президенттен кейінгі екінші және үшінші ең жоғарғы саяси лауазымдар – Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары. Сәйкесінше, реформадан кейін бір палаталы Парламент – Президент ұсынысымен «Құрылтай» деген жаңа атаумен қалыптасатыны, Сенат пен Мәжіліс төрағалары деген лауазымдар болмайтыны анық. Олай болса, жоғарыда көрсетілген конституциялық нормадағы сияқты президенттік өкілеттікті форс-мажорлық жағдайда алмастырып, жалғастыратын саяси тетік қарастырылуы қажет. Міне, сондай саяси тетікті Вице-президент лауазымы атқарады.

Әлемдік тәжірибеде АҚШ-тағы вице-президенттік лауазымы ерекше танымал. АҚШ Вице-президенті – президентпен бірге сайланатын мемлекеттегі екінші тұлға. Конституция бойынша ол АҚШ Президентінің мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда ауыстырады. Сондай-ақ Вице-президент Сенатты басқарады, дауыстар тең болған кезде шешуші дауыстың айрықша құқығына ие. Сонымен қатар, Вице-президент президенттік сайлауда бюллетеньдерді алу және санау кезінде ресми түрде төрағалық етеді.

Негізінде, бұл лауазым біз үшін де тансық жаңалық емес, Қазақстанның саяси тәжірибесінде бұрын қолданыста болған. Мысалы, 1990 жылғы 24 сәуірден 13 мамырға дейін Қазақ КСР Вице-президенті С.Терешенко, ал еліміз тәуелсіздігін алған соң Е.Асанбаев 1991 жылғы 16 желтоқсанныан бастап 1996 жылғы 22 ақпанға дейін Қазақстанның Вице-президенті болғаны есімізде. 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Қазақстан Конституциясына сәйкес осы лауазым жойылды. Вице-президенттің негізгі миссиясы Сенат спикеріне (мүмкіндік болмай жатса Мәжіліс төрағасына немесе Үкімет басшысына) беріліп, атқаратын саяси қызмет жүктемелері Мемлекеттік хатшыға өтті. Мемлекеттік хатшы лауазымы 2022 жылға дейін болды. Ал 2022 жылғы 14 маусымдағы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің мәртебесі мен өкілеттігі туралы» Президенттің № 927 Жарлығына сәйкес оның орнына Мемлекеттік кеңесші лауазымы туындалы. Оныңатқаратынқызметтеріне мыналар кірді:

- Президент үшін стратегиялық ұсыныстар әзірлеу.
 - Парламентте, мемлекеттік органдарда, партияларда және халықаралық аренада Президенттің мүдделерін білдіру;
 - Негізгі комиссиялар мен консультативтік органдардың жұмысын үйлестіру;
 - Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты мен мемлекеттік талдау орталықтарына жетекшілік ету;
 - «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындауды бақылау;
 - Президенттің басқа да тапсырмаларын орындау.
- Енді болашақтағы Вице-президенттің атқаратын қызметтерін салыстыра кетсек, ұқсастықтар анық байқалады:
- Халықаралық форумдарда және шет мемлекеттердің делегацияларымен келіссөздерде Қазақстанның мүдделерін білдіру;
 - Парламентте Президенттің мүддесін білдіру;
 - Отандық және шетелдік қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағарту ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;
 - Президенттіңөзгедетапсырмаларын орындау.

Жоғарыда тоқталған АҚШ саяси тәжірибесінде вице президенттікпен қатар Мемлекеттік хатшы лауазымы да қатар жүретінін де айта кеткеніміз жөн. АҚШ Мемлекеттік хатшысы – Сенаттың келісімімен Президент тағайындайтын, Президенттің сыртқы саясат жөніндегі бас кеңесшісі. Ол сыртқы саясат мәселелерін шешеді, халықаралық келіссөздерге қатысады, дипломаттардың жұмысын бақылайды, халықаралық келісімдер жасайды және түсіндіреді, шетелдегі азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін қорғайды және мемлекеттік департаментті басқарады. Өзге қосымша міндеттеріне АҚШ-тың Ұлы мөрін сақтау, Президент жарлықтарын дайындау және халықаралық шарттардың ресми тізілімін жүргізу кіреді.

Мемлекет басшысы Қызылордада өткен алкалы жиында Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтай өздерінің тарихи миссияларын табысты аяқтағанына тоқталып, енді саяси жаңғырудың жаңа сатысында жалпыұлттық диалогты жүзеге асыратын жоғары консультативтік орган мәртебесіне ие, кең ауқымды пікірталасу платформасы болатындай жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық кеңесін құруды ұсынған болатын. Сонымен қатар, мұндай жалпыұлттық биік саяси мінбердің құрылымы мен қызметі қандай болуы тиіс екенін де нақтылап берген еді.

Қазақстан Президенті өзі тағайындайтын 126 мүшесі бар Халық кеңесі этномәдени орталықтардың 42 өкілінен, азаматтық қоғамның ірі қоғамдық бірлестіктерінің 42 өкілінен, мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілінен теңдей жасақталмақ. Қоғамның белді үш саласының өкілдерінен құралып, өкілдік демократияның жарқын үлгісіне айналмақ. Ал кеңес төрағасын оның мүшелері сайлайды, оның қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады. Халық кеңесінің жоғары органы жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия болады.

Халық кеңесінің қызметіне келер болсақ, қазір бұл мәселе Конституциялық реформалар жөніндегі мемлекеттік комиссияның талқылауынан өтуде. Себебі Халық кеңесінің мәртебесі мен құрылу тәртібі Ата Заңның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі.

Аталған комиссияның 3-ші отырысында әлем елдеріндегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын Халық кеңесі қызметінің үш негізгі бағытын ел Конституциясында бекіту ұсынылуда:

1. Кеңес ішкі саясаттың негізгі бағыттары, қоғамдық келісім, бірлік және ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ базалық қағидалар мен жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейтін болады;
2. Халық кеңесі Құрылтайға заң жобаларын енгізу құқығына ие болады, бұл қоғамдық сауалға нақты заңнамалық нормаларда көрініс табуға мүмкіндік береді;
3. Кеңес кең қоғамдық заңдылықты және азаматтардың тікелей қатысуын талап ететін мәселелер бойынша шешім қабылдау құралы ретінде республикалық референдум өткізу туралы бастама көтере алады.

Көріп отырғанымыздай, Халық кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс деген Мемлекет басшысының ұсынысы ескерілген. Бұл шынында оның саяси-құқықтық мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз, яғни, өкілдік демократия жағдайындағы қоғамдық диалог алаңы ретінде туындайтын Қазақстанның Халық кеңесі ел халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган болмақ.

Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия қазақстандық қоғамдық пікірді барынша ескеріп, ұсынылған пікірлерді мұқият талдап, барша түзетулерді жан-жақты қарады. Жаңа түзетулер Конституцияның барлық бөлімі мен 77 бабын, жалпы мәтіннің 84 пайызын қамтыған. Бұл жаңадан Конституция әзірлеумен тең деген сөз. Сондықтан комиссия мүшелері Қазақстанның жаңа Ата Заңын қабылдау мәселесін алға тартып, нәтижесінде мазмұны Препамбула, 11 бөлім және 95 баптан тұратын оның алғашқы жобасын жариялады.

Жаңа Конституцияның жобасынан еліміз үшін аса маңызды бұл басты құжаттың әрбір бабы уақыт талабы мен

қоғамның сұраныстарына жауап беретіндей тұжырымдалғаны анық байқалады. Соңғы кездері әлемдік саясатта тұрақсыздық пайда болып, ірі державалар тарапынан халықаралық құқық нормаларының аяққа тапталуы, егеменді елдердің ішкі істеріне қол сұғуы, тәуелсіз мемлекеттердің территориялық тұтастығының бұзылуы сияқты іс-әрекеттер жиі орын алуда. Бұл тұрғыда Қазақстан Президенті БҰҰ ұйымының дәрменсіздігі мен жұмысындағы кемшіліктерін әлденеше рет атап көрсетіп, сынга алғаны белгілі.

Қазіргі әлемнің түкпір-түкпірінде соғыс пен төңкеріс көбейіп, саяси-экономикалық дағдарыс тереңдеп жатқан алмағайып заманда көптеген елдер үшін тәуелсіздік мәселесі өзекті болып отырғаны ашы шындық. Сондықтан жаңа Конституциямызда егемендік пен тәуелсіздік, бірегейлік, аумақтық тұтастық бұлжымас құндылықтар санатына жатқызылып отыр. Ата Заңның Препамбуласында мыңжылдық тарихы бар Ұлы Даланың бай мұрасын сақтай отырып, мемлекетіміздің унитарлығы, шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтыны нақтыланған.

Жаһандық ауқымдағы демократиялану үдерісіне сай адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жарияланып, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы екені, заң мен тәртіп үстемдігі, бейбіт өмір мен халықтың ынтымақ-бірлігі, ұлтаралық және дінаралық келісім мемлекеттіліктің негізі ретінде Ата Занда құқықтық тұрғыда бекітілген.

Зайырлы және зияткер ел ретінде Қазақстан мәдениет пен білім, ғылым мен инновацияның құндылықтарын бағдарға ала отырып дамитыны нақты айқындалған. Қоршаған ортаға антропогендік және техногендік әсер етудің салдарынан жаһандық жылыну, климат ауысуы, су тапшылығы, шөлейттену сияқты сан алуан экологиялық апаттар туындап жатқаны қаперге алына отырып, жаңа Конституциямызда табиғатты аялау қажеттігі ерекше мойындалған. Мұның барлығы – біздің келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді арттыратын қағидалар.

Сонымен қатар, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы екені бекітілген. Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Бұл – мемлекеттің болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс.

Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – цифрландыру. Осыған байланысты Конституцияның жаңа мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді. Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Препамбулада ғана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі мағыналық өзегі ретінде айқындалған. Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалады.

Қазіргі қолданыстағы конституциямыз Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде мемлекеттілігін қалыптастыру мен нығайтуда өзінің тарихи миссиясын орындап шықты. «Елу жылда ел жаңа» дейтін халық даналығына сәйкес, демократиялық реформаларды қарқынды жүзеге асырып, саяси жаңғырып жатқан Жаңа, Әділетті Қазақстан үшін тың идеялар мен нақты өзгерістерге құқықтық негіз жасайтын, қазіргі саяси шынайылыққа жауап беретін жаңа Конституция қажеттігі анық.

Жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдағаннан кейін заман талабына сай келетін Ата Заң Отанымыздың одан әрі қарыштап дамуына ерекше серпін береріне сеніміміз мол.

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
саяси ғылымдар кандидаты,
профессор
әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
«Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Сейілбек МҮСАТАЕВ,
әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

«СБ» ақпарат

/// АЛМАС АЛМАТОВ – 70



Дайынсаған Г. Әсетіева

Ұлт руханиятының асыл қазынасы жыраулық дәстүрді туық тұмадай сақтап, бүгінге дейін жеткізген тарихи-мәдени елді мекеннің бірі жүз жырауын жүзіктеген Тұрмағамбет ауылында туып өстім.

Әкем Қуандық Бүрлібайұлы – жыраулық өнердің ақ бесігі атанған қасиетті мекенде өз заманының рухани көшбасшылары болған Ешнияз сап, Тұрмағамбет, Омар, Тасберген, Рүстембек, Мұзарап, т.б. Сыр сүлейлерінің асыл мұраларын әлемдік сахналарда орындап, жыраулық өнердің кең қанат жаюына өзіндік мол үлесін қосқан жан. Бойындағы жыраулық өнердің қадір-қасиеті бізден айналып өтпей, жыршылық өнер жүрегімізге ұя салды. Бала жасымнан жыршылыққа баулып мақам-саз, орындаушылық шеберліктің қыр-сырын үйретіп барынша жол көрсетті.

1990 жылы әкем Қуандық жырау Жапон елінің астанасы Токио қаласында өткен бүкіл дүниежүзілік «Осейи» және «Исейши» фестиваліне қатысып, өз дауысын әлемдік өнердің алтын қорына жаздырды. Көрнекті тұлға сол сапардан елге науқастанып келген еді. Таңның атысы, күннің батысы жұмыстан қол үзбейтін тынымсыз адамның төсек тартып жатып қалуы жанымға бататын. Жанында шай-суын дайындап жүріп науқасының осал емес екенін сезетінмін. Бір күні киіз үйдің түндігін ашып, іргелілігін түріп жатқанымда:

Жырау – аманат

– Ассалаумағалейкүм, Қожа шақыр-дыңдар ма? – деген таныс дауыс саңқ ете қалды. Қарасам, әкемнің өнерде де, өмірде де тілеулес досы, інісі, белгілі жырау Алмас ағамыз екен. Дереу қолын алып сәлем беріп, әкем жатқан киіз үйге алып келдім.

– Алмасжан, келдің бе? – деп, ауырып жатқан әкем балаша қуанды. Араларындағы нағашылы-жиенді әзілдерін де қалыс қалдырмай, өзара мээ-мәйрам болысып жатыр.

– Жырау қайным келді ғой, қазанға ет салайын, – деп анам да қуанышын жасыра алмай, қонақтың қамында зыр жүгіріп жүр.

Әкем Жапония сапарынан алған әсері мен көрген құрметін, ол елдің бізден әлдеқайда ілгерілеп кеткені жайлы да айтып, әңгімесін тауыса алмай жатыр. Осы жерде екі достың арасындағы бір-біріне деген шынайы сағынышты, адалдықты көрдім. Ол мен үшін бөлекше сипат болды.

– Ау, Қуеке, бұл не жатыс? Мен сізді Ленинградқа алып кетуге келдім. Үлкен халықаралық симпозиум өтейін деп жатыр. Сонда Көрұғлыны жырауың керек, – деді Алексен.

– Әй, Алмасжан, мен науқастанып жүрмін ғой. Сені көріп көңілім жай тапты. Әлде де ем алуым керек. Мына кенже ұлым Амандықты орынама өзімнен бірге ертіп кетсең дұрыс болар еді. Осы бала саған аманат, – деді әкем.

– Қуеке, «жаман кой тұсағында қартаяды» деген, бұл не әңгіме? Аманшылық па? Аманаттың жүгі ауыр болады ғой, – деді Алексен түсі өзгеріп.

– Әй, Алмасжан, бойымдағы науқастың сырын білемін ғой, – деп әкем көзін ораамалым сүртті. Қожекен шамалы үнсіз отырып:

– Қуеке, онда Амандықты алып кете берейін. Алда сіз бен біздің атқаратын көп жұмыстарымыз бар. Ауырдым деп науқастың ығына жығыла берменіз, – дегені сол еді, әкем жадырап, қуанып сала берді. Әне-міне әңгімелесіп отырғанымызда анамның тамағы да дайын болып, асауқаттанып алдық.

– Ал, Қуеке, саған Алла қуат берсін. Амандық екеуміз жүрейік, – деп, рұқсат сұрады. Қуанғаным сонша, анама көздің қияғын салып жымылдап қоямын. Сөйтіп, қолда бар киімді киіп алып, жолға шығар алдында әкеме келіп:

– Көке, рұқсат етсеңіз, мен жүрейін, – деп жаныма жақындалым. Әкем қолымнан ұзақ қысып баурына басып, шашымды іскеп, бетімнен сүйді де:

– Ал, балам, жолың болсын. Алмас ағаммен барып ел көріп кел, – деп, біртүрлі қиастықпен шығарып салды. Мендегі бар ой Ленинградқа бару еді. Үш ұйықтасам түсіме кірмеген бұл сапар үлкен қуаныш болды. Осылайша Қожекеме еріп өлесім орталығанан бір-ақ шықтым. Бізді бастап бара жатқан облыстық халық шығармашылығы орталығының жетекші ғылыми қызметкері Шекер Орынбаева алай. Шекер апай өзі өте назік бола тұра, талапшыл жан екен. Үшеуміз Қызылорда вокзалынан пойызға отырып, Ленинградқа жолға шығып кеттік. Қармақшыдан жырау Шамшат Төлепова апамыз, Аралдан Рысбек Әшімов қатарымызды толықтырды.

– Қуекеңнің баласы ғой, – деп, мені жолай Алексен таныстырып келе жатыр. Екі жарым күн дегенде Мәскеу вокзалынан түстік. Одан әрі электр пойызбен Ленинградқа жетіп табан тіредік. Бұрын

ондай ұзақ жолды көрмеген басым, төңселіп кеттім. Ол жақта музыка зерттеуші, ғалым Изали Земцовский мен Алма Құнанбаева күтіп алды. Алма апамыз да сөзден істі жоғары қоятын жан екен. Амандық-саулық сұрасып болғасын:

– Алмас, бүгін дайындық, ертең концерт, – деп жүре тапсырма беріп келе жатыр. Ұмытпаймын, сол күн қазан айының 28-ші жұлдызы болатын. Өйткені бір күннен кейін туған күнім. Баламын ғой, туған күнді Ленинградта өнер тұлғаларымен атап өту деген қиял ойымды орап келе жатыр. Ол уақытта ауылда битум болмаса, басқа сағыз деген қолға тие бермейтін еді ғой. Бұл жақта түр-түрі бар екен. Қорабыммен сағып алып тіске басып, дөмі кеткенді тастауға қимай үсті-үстіне ауыз толтырып шайнап келе жатырмын. Алма апамыз бізді қаланың орталығындағы үйлеріне апарып орналастырып, дастарқан жайып, барын қойып, обектеп құрақ ұшып жүр.

Сол күні дайындық болды. Концерт өтетін залға үш жүзге жуық көрермен сияды екен. Ертеңіне концерт басталар уақытта Изали аға келіп Алмас ағаны жеке алып кетті. Көп айналмай Алексеннің түсі өзгеріп, мені сахнаның сырты жағына алып шықты.

– Айналайын Амандықжан, көкең қысылып жатыр екен, сен тезірек елге жетугін керек болып тұр. Бүгін туған күнің ғой, жүр қаланы аралатайын, – деп Ленинградтың дүкендерінен кроссовка, шалбар, жеңіе алып беріп жатыр. Ауылда ағаларымнан қалған киімдерді киіп жүре беретін маған бұл үлкен сый болды. Қапелімде патшадай болып шыға келдім. Бірақ қанша қуанып тұрсам да, жүрегім біртүрлі ауызма тығыла берді. Бір жайсыз нәрсе болып жатқан сияқты.

Алексенмен қылдырып, кешіне Алма апамыздың үйіне келдік. Дастарқан жайнап тұр. Шамшат ана, Рысбек аға, күйші Айжан аға бәрі туған күніммен құттықтап жатыр. Сонда Изали ағамыздың өзге ұлт өкілі болса да азаматтығы ғой, балаға бірден айтпайық, шошытып алармыз, қазаққа «естірту» деген дәстүр бар ғой. Кешке дейін қаланы аралатып, сосын үйге әкел. Сол жерден балаға естірейік деген екен.

Алексеннің «әкең қайтыс болды» демесе де, «көкең қатты қысылып, сені көргісі кеп жатыр екен, Шекер апаммен бірге елге қайтуың керек» деген сөзінің өзі мені ойландырып қойды. Бір нәрсенің болғанын сездім. Денем біртүрлі шымырлап көзіме өзінен-өзі жас толып кете берді. Сонда да ішкі сезімді жаман хабарға қимай тұрмын. Одан әрі көп ұзамай Шекер апайға еріп, Ташкент арқылы ұшып елге келдік. Үйі жақ толы адам. Ағайындар менің келе жатқанымды естіп, жаназаны бастамай күтіп тұр екен. Үйде азан-қазан жылау, көрісу. Сол аралықта әкемнің бетін ашып көрсетті. Құшақтап жылап алдым. Ленинградқа кетіп бара жатқанымда не үшін қимай қоштасқанын сол кезде түсіндім. Өзінің мен келгенше өмірмен қоштасатынын білген екен ғой, жарықтық!

Изали Земцовскийдің сахнада не айтқанын кейін Алма ағадан естідім. Изекен сахнаға шығып көрермендерге:

– Бүгін Қазақстаннан жайсыз хабар келді. Қызылорда облысының Қармақшы ауданы, Ленин кеншіарында тұратын біздің талантты өнерпазымыз жырау Қуандық Бүрлібаев мезгілсіз өмірден өтіпті. Бүгінгі қазалы күнде концерт өткізу жырауға құрметсіздік болар. Концерт ертең осы уақытқа шегеріледі, – деп хабарлаған екен. Еңсесі түскен тілеулес жандар бір күннен кейін өнер көрсетіп, елге қайтыпты.

Бір аптадан соң Санкт-Петербургтен өнертану ғалымдарының докторы, профессор Алма Құнанбаева, Орта Азия мен Қазақстан эпосын зерттеуші, Пенсильвания (США) университетінің профессоры, Жапонияда әкемді Америкаға шақырған Уолтер Зеф Фельдман мырза, жырау, профессор Алмас Нұрмаханұлы бастаған өнердің бір топ жанапшырлары ауылдағы біздің отбасымызға келіп, анама көңіл айтты. Сол уақытта Алмас ағаның әкем Қуандықтың қазасына қайғырып жазған көңіл-қосы:

Білгенге ажал – мирас, арман – қиғаш, Пенденің екі ортаға басы сыймас. Қайтпас жол, қараңғылық қадам басып, Ұа, дарих, кетіп жатыр небір қимас. Қуандық – Құлыс Кете, дүлдүл жырау, Әрі аға, әрі дос ед басы сыйлас. Сал көңіл, жұмсақ мінез, сұңқар дауыс, Егіліп естіген жан жасын тыймас. Сыпайы, сілкіп қанат көтермейтін, Туымың талантыңа келетін маш. Төңселтін дүниені тербеп жырмен, Алып ең абыройды әркім жимас. Ақ бұлақ қайнап аққан аталы жыр, Ізі бар зерттесе, ол да тынбас. Бақұл бол, дегдар аға, туымың зор, Бұйрық сол, күні бітпей көзе сынбас, – деп айтқаны еді.

Алмас аға сол аманаттың жүгін аркалап, мені Қызылорда педагогикалық институтының «Халық әні» кафедрасына оқуға түсірді. Қиналаам жәрдемдеіп, әке орында әкедей қамқор болды. Оқуымды тәмамдағаннан кейін университетте қалып, ұстаздан алған үлгіні жас шәкірттерге үйретіп, он алты жыл оқытушы қызметінде болдым. Әкемнің аманатына адалдық танытқан адам – Алмас аға мен Мира жетегеме Алладан разылық болсын!

«Ағаш ағаштан сәнін алады, адам адамнан тәлім алады» дейді ғой. Адамн құндылықтың еңсесі түссе де, кісілік қелбетін бұзбаған ұстазымның жанында қосшылығын жетіп жүріп, көптеген жақсы амалдар үйренгеніме қуанамын. Үйренгенім өміріме жақсы өзгерістер алып келді. Анам марқұм да Алмас ағаның азаматтығына шексіз риза болып кетіп еді. Алексеннің мені: «Сатпайтын, сатылмайтын досым» деп айтатын сөзінен маған деген үлкен сенім мен жауапкершілікті сезінетінмін. Өңгіме арасында: «Бір нәрсені ұмыт, біреуге жасаған жақсылығыңды ұмыт. Бір нәрсені ұмытпа, біреуден көрген жақсылығыңды ұмытпа» деп отыратын. Көрген жақсылықты «ыдысындағы» зат қурап кетпесе, қалай ұмытарсың?!

Амандық ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
облыстық филармония
басшысының орынбасары

САУАБЫ МОЛ СӨЗ

Ұстаз Алмас Алматов жайлы айтсақ, арғы тегі мен ата-анасы туралы сөз қозғамау мүмкін емес. Қандай да бір басқосу болмасын, Алмас ағамыз ата-бабасының тарихына бір тоқталмай өтпейді.

Кешегі қазақ үшін қиын-қыстау заманда бүтін бір ауылды діншіл деп таныған белсенділер алақұйын әрекетімен әй-шайға қаратпай қырып салған екен. Шолақ белсенділер ойына келген ыланды салғанын естігенде қайран жүрек дүрсілін баса алмай қалады... Міне, осы дүрбелең кезеңде Алматы қожаның тоғыз баласынан Нұрмахан ғана түрлі қактығыс-соқтығыстың арасынан арпалысып, құдай сақтап аман қалады. Алмас ағамыз осы жайттар жайлы қысқаша айтқанның өзінде бір нүктеге ұзақтау қарап, көзінің жиектері қызара сөзін жалғастырады.

Жылдар өте Нұрмахан қожа Төлеу апамызбен бас қосады. Ол кісі атақты Төремуғрат палуанның қызы болатын. Алмас ағамыз нағашылары жайлы айтқан уақытта жан-жақты тарихпен өре әңгімелеп, еріксіз басқа әлемге енгізіп жібереді. Нұрмахан қожа мен Төлеу апамыздан Серік, Алмасбек, Болатбек, Оразбек, Шырынқұл атты ұл-қыздар өрбіп, өніп-өседі. Төлеу апа көкірегі көмбе, қазына кісі ғой, әкесі Алмасжаннан үлкен үміт күтетінін үнемі айтып отырады екен.

Бір күні бала Алмас сабағына дайындалып жатып, сол кезегі мектеп берген кітаптардан жаттаған: «Ленин – ата, біз – ұлан, Сенен туған шат көңіл. Сенің нұрлы шұғылаң – бізге әперген жақсы өмір» деген тақпақты айтып берген сәтте, әкесі Нұрмахан шамалы кідіріп, «Шырағым, бұның орнына сауабы мол өлең жаттау керек ғой» дейді. Бала Алмас «Сонда бұл қандай өлең?» деген ойда қалады.

«Ата балаға сыншы» деген, әкесі баласының өлең жаттауға талабы бар екенін сол кезде байқап жүрген екен. Өздерін қырып салған солақай саясаттың ырқына ермей, қазақтың ескіден келе жатқан ақын-жырауларының өлең, жыр-киссаларын жаттағанын жөн көрген екен ғой, жарықтық. Көп ұзамай ұлын Олжабай жырауға әкеліп, «Сауабы мол сөздеріңізден біздің Алмасжанға бересіңіз» деп қолқа салады. Сол күннен бастап Алмас ағамыз сауабы мол сөзге ден қойып, сүлейлер сұрлеуіне түскен еді.

Алмас ағамыздың жыраулық өнерге келуінің өзі Жаратқанның жарылқауы, ата-анасының қалауы деп түсінемін. Ізінен шәкірт болып еруіме марқұм әкем Орынбек Шәріпұлы мен анам Тұрды Құдайбергенқызы ықпал етті. Бір ауылдан шыққан Шәріп атамыз бен Дәріш әжеміз Нұрмахан қожа апамызбен, Төлеу әжемізбен замандаас, сыйлас жандар болған. Олан ербіген Алмас ағамыздың ұлдары Дәулет, Бағдат, Шахмардан, Зейнолла, Ғайнолла інілеріміз – ізгілігі мол, өнегелі, өсіп-өнген әулеттің жалғасы.

Алмас ағаймен әріптес болып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Дәстүрлі өнер – жыр» кафедрасында Жұмабек Аққұлов, Амандық Бүрлібаев, Шолпан Бимбетова, Руслан Ахметов, Ақмарал Ноғайбаева сынды өнер өкілдері бірге қызмет еттік. Керемет уақыт еді. Жұмыстан шығып Төле би көшесімен ағайдың үй жағына жаяу қайтамыз. Үйге келгенін кішкентай Зейнолла мен Ғайнолла маған еркелеп, тәтті алуға аз-маз тыын-тебен сұрайды. Бір күні былай дедім: «Егер терме жаттасандар, ақша беремін». Сол-ақ екен екі-үш күн өте түсте ағаймен үйге келсек, екеуі жарыса Базар жырауды толғау-термелерін төгілдіріп бара жатыр. Мен қарыз боп қалмайын деп, жаттаған жыр жолдарына алдын ала келіскен пұлымды төледім. Сонда Алмас ағай: «Кезінде әкем «сауабы мол сөз» деп маған осы өлеңдерді жаттатып еді, Серікжан. Бұл әдісті балаларға жақсы қолданыңыз» деп ризашылығын білдірді.

Мерейтойы қарсаңында жырауға Мемлекет басшысы ІІІ дәрежелі «Барыс» орденін табыстағаны ұлттық өнердің көш басында жүрген ағамызға берілген лайықты баға деп білеміз. Одан қалды, ел-жұрттың ыстық ықыласының көрінісі. Дәстүрлі өнер жолында қаншама шәкірт тәрбиелеп, даңғыл жол ашып берген Алмасбек Нұрмаханұлындай ұстаздың саликалы сөзі, саңлақ өнері тарихта қалды.

Серік ЖАҚСЫҒҰЛОВ,
Мәдениет саласының үздігі

ӨНЕРДІҢ ӨРКЕНІН ЖАЛҒАҒАН

Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениеті – ұлттың тарихи жады мен рухани дүниетанымын сақтаушы маңызды құндылықтардың бірі. Соның ішінде Сыр бойында қалыптасқан жыраулық өнер ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, көркемдік, тәрбиелік және танымдық қызмет атқарып келеді. Бұл өнер түрлі халықтың әлеуметтік тәжірибесін, дүниетанымын, моральдық-этикалық қағидаларын жыр, терме, толғау арқылы көркем тілде жеткізетін бірегей мәдени феномен ретінде бағаланады. Жыраулық дәстүрдің сақталуы мен дамуы, ең алдымен, ұстаз-шәкірт сабақтастығына негізделген. Дәстүрлі өнер өкілдерінің шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуында көрнекті жыраулардың тәлім-тәрбиесі, рухани бағыт-бағдары айрықша рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, белгілі жырау Алмас Нұрмаханұлы Алматының ұстаздық қызметі мен оның шәкірттеріне көрсеткен шығармашылық әрі адамгершілік қамқорлығы – Сыр өңірі жыраулық дәстүрінің дамуындағы маңызды факторлардың бірі.

Менің бұл жазбамда Сыр бойы жыраулық өнерінің өкілін тұлғалық және кәсіби тұрғыда қалыптастыру үдерісі, сондай-ақ дәстүрлі өнердің заманауи мәдени кеңістікте жанаша таныту жолдары жеке шығармашылық тәжірибем негізінде қарастырылады. Мақсатым – ұстаз бен шәкірт дәстүрінің жыраулық өнерді сақтаудағы маңызын ашып көрсету және Сыр өңіріне тән жыршылық мектептің мәдени-рухани құндылығын зерделеу.

Өнерге деген қызығушылық бойымда ерте жасан қалыптасты. Радио мен теледидар арқылы халық оферпаздарының орындауындағы шығармаларды үзбей тындап, әсіресе дом-

бырамен ән салу, жыр-терме орындау эстетикалық талғамымның дамуына ерекше әсер етті. Мұндай орындауларды зер сала тындап, мүмкіндігінше жаттап алуға ұмтылатынмын.

1992 жылы Қызылорда қаласындағы Лияз Қабылов атындағы №12 қазақ орта мектебінде 9-сыныпты тәмамдар тұста мектепке белгілі жырау, дәстүрлі өнердің көрнекті өкілі Алмас Алматовтың келетіні белгілі болды. Осыған байланысты мектеп директоры Галина Мүслимқызы мені арнайы шақырып, терме орындауды тапсырды. Бала кезден үйреніп жүрген бірнеше толғау мен термелерім болғандықтан, бұл тапсырманы зор жауапкершілікпен қабылдадым. Келесі

күні мектеп сахнасына шыққан жыраудың Париж сахнасында Өміре Қашаубаевтан кейін өнер көрсеткен тұлға екенін сол сәтте ғана толық ұғындым. Алмас Алматов өз лекция-концертін аяқтағаннан кейін, мектеп әкімшілігінің ұсынысымен мені сахнаға шақырды. Өнеріме қызығушылық танытып, бірнеше термені қатарынан орындауымды сұрады. Шыққан тегім мен отбасым туралы біліп, қазақы тәрбиенің негізгі саналатын үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидаларын ерекше атап өтті. Сол сәттен бастап Алмас Алматов шығармашылық қабілетіме он баға беріп, шәкірт ретінде қабылдады. Әкем де бұл шешімді құптап, дәстүрлі өнерді терең меңеру үшін жыраудың жанында жүруіме келісімін білдірді. Кейінрек мені Н.Г.Гоголь атындағы педагогика институтында білім алып жүрген студенттерге алып келіп, сол жерде өнерімді таныстырдым.

1994 жылы аталған оқу орнына студент болып қабылданып, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі өнер байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Бұл кезеңде Алмас Алматовтың ұстаздық, ағалық әрі әкелік қамқорлығын сезіндім.

1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін үздік аяқтаған соң, Алмас ағам: «Өзімнің қасымда ұстаздық жолды жалғастырасың» деп, сол оқу орнында оқытушы ретінде еңбек жолымды басталдым. Университет жанынан құрылған «Дилад» этно-фольклорлық ансамблінде солист-жырау қызметін атқардым. Ұстаздарымның негізгі талабы Сыр бойының жыраулық дәстүрін заманауи ансамбльдік форматта жанаша таныту болды. Осы мақсатта терме мен мақалдарды ансамбльге бейімдеу мәселелерін тәжірибелі өнер иелерімен, Алмас Алматов, Жұмабек Аққұлов ағаларыммен ақылдасып жүзеге асырдым.

«Дилад» ансамблімен бірлесіп, республикалық байқауларда жеңіске жетіп, шетелдік мәдени іс-шараларда Қазақстан өнерін танытуға мүмкіндік алдық. Атап айтқанда, 1999 жылы Түркияның Стамбул қаласында өткен Жастар фестивалінде лауреат атандым. Өзбекстан, Қарақалпақстан, Әзербайжан, Ресей, Түркия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Эстония, Испания мемлекеттерінде өнер көрсеттім. Бір кезеңде Алмас Алматовтың кеңесімен Алматы қаласындағы күйші Айгүл Үлкенбаева құрған «Керулен» ансамбіне қосылып, Сыр бойы жыраулық өнерін жаңа

қырынан таныту мүмкіндігіне ие болдым. Бұл шығармашылық ұжым құрамында еліміздің танымал өнер қайраткерлерімен бірге өнер көрсету бақыты бұйырды. Ансамблде Еділ Хусанов, Айгүл Үлкенбаева, Мақсат Жүсіп-әлі, Раушан Оразбаевамен бірге жұмыс жасалдым.

Алмас Алматовтың шәкірттеріне көрсеткен адамгершілік қамқорлығы тек өнермен шектелмей, өмірлік бағыт-бағдар берумен жалғасты. 2000 жылы отбасылық өмірге қадам басар сәтте, ол кісі құдалық рәсіміне басшылық жасап, сыйластықтың үлгісін көрсетті. Бұл ұстаздың рухани тәлімнің айқын көрінісі еді. Ұстаздан алған тағылымның нәтижесінде өнер жолында өз орнымды қалыптастырып, бүгінде шәкірт тәрбиелеу ісімен айналысып келемін. Мұның барлығы Сыр өңірі жыраулық өнерінің терең рухани құндылығын айқындайды. Осы қасиетті өнерді бойыма сіңіре білген, бала жастан өнерімді таныған, шығармашылық жолымды айқындаған ұстазым Алмас Алматовқа шексіз ризашылығымды білдіремін.

Руслан АХМЕТОВ,
«Ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері



Өңірде инновациялық жобаларды дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Осы үдерістің негізгі қозғаушы күштерінің бірі – Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторы. Ол өңір жастарын, кәсіпкерлерді және мемлекеттік секторды заманауи технологияларға, әсіресе жасанды интеллектке бейімдеуді басты мақсат етіп отыр. Kyzylorda Hub-тың бүгінгі жетістігі мен биылғы жоспары туралы орталық жетекшісі Жанарыс Түбекбаевпен әңгімелескен едік.

ИННОВАЦИЯҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

– Алдымен Kyzylorda Hub-тың атқаратын қызметіне тоқталсақ... Өңір үшін бұл орталықтың маңызы қандай?

– Kyzylorda Hub – бұл тек іс-шаралар өткізетін алаң ғана емес, өңірдегі толыққанды инновациялық экожүйені қалыптастыруға бағытталған орталық. Біздің басты мақсатымыз – облыста технологиялық кәсіпкерлікті дамыту, жастарды IT саласына тарту және цифрлық шешімдерді нақты секторға енгізу.

Хаб өз жұмысын бастаған уақыттан бері көп нәтижеге қол жеткізді. Бүгінгі күнге дейін 389 іс-шара өткізіліп, 13994 қатысушы қамтылды. Бұл өңір тұрғындарының инновацияға деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. Соның ішінде жасанды интеллект бағыты бойынша 93 іс-шара ұйымдастырылып, 1752 адам қатысқанын ерекше атап өткім келеді. Хаб аясында жүзеге асқан жобаларға тартылған инвестиция көлемі 42,2 млн теңге.

– Осы жыл Kyzylorda Hub үшін қандай басымдықтармен ерекшеленбек?

– Басты стратегиялық бағыт – жасанды интеллект. Бүгінде ЖИ барлық саланың даму драйверіне айналып келеді. Сондықтан біз өңірде «AI-Movement» концепциясын іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Осы бастама аясында мемлекеттік мекемелерге, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына және кәсіпкерлерге арналған арнайы AI Bootcamp бағдарламалары ұйымдастырылады. Бұл – 4 күндік интенсивті оқыту форматы. Қатысушылар генеративті жасанды интеллекттің негізгі құралдарын меңгеріп, оны өз күнделікті жұмысында тиімді қолдануды үйренеді. Нәтижесінде қызметтік процестерді автоматтандыруға, уақыт пен ресурсты үнемдеуге мүмкіндік туады.

– Өңірлік стартаптарды қолдау бағытында қандай нақты бағдарламалар жүзеге асырылады?

– Биыл стартаптарды қолдауға арналған екі ірі бағдарламаға басымдық беріліп отыр. Біріншісі – Startup Joly прейнкубация бағдарламасы. Бұл бағдарлама технологиялық кәсіпкерлікке алғашқы қадам жасағысы келетін, 16 жасан асқан кез келген азаматқа арналған. Бағдарлама идея сатысындағы жобаларды MVP, яғни минималды өміршең өнім деңгейіне дейін жеткізуге бағытталған.

Екіншісі – Startup Orda инкубация бағдарламасы. Бұл – MVP сатысындағы жобаларды нарықтағы алғашқы сатылымға дейін жеткізетін 2 айлық бағдарлама. Қатысушылар 10 апта бойы семинарлардан өтіп, тәжірибелі трекерлерден тегін консультация алады. Үздік деп танылған жобалар республикалық венчурлық қорлар алдында таныстырылып, инвестиция тарту мүмкіндігіне ие болады. Айта кету керек, бұл бағдарлама Astana Hub халықаралық технопаркінің жетекшілігімен еліміздің барлық өңірлерінде өтеді.

– Инновациялық сыйыстар, яғни хакатондар өңір үшін қандай мүмкіндік береді?

– Хакатон – нақты мәсе-

лелерге жедел әрі тиімді IT шешім табудың ең ұтымды форматы. Биыл Kyzylorda Hub аясында 4 хакатон өткізу жоспарланып отыр. Әрқайсысының тақырыбы мен нақты тапсырмалары болады.

Бұл шаралар арқылы өңірдің үздік технологиялық шешімдері әзірленіп, жергілікті мекемелер мен кәсіпорындарға жасанды интеллект құралдарын енгізуге мүмкіндік туады. Кәсіпорындар өздеріне қажетті IT шешімдерді Kyzylorda Hub арқылы тапсырыс беріп, хакатон нәтижесінде дайын өнім алуға қол жеткізе алады.

– Жаңа «HUB TASKS» платформасының ерекшелігі неде?

– «HUB TASKS» – өңірлік IT компаниялар мен фрилансерлерге арналған арнайы платформа. Бұл платформа Қызылорда облысындағы тапсырыс берушілердің технологиялық тапсырмаларын орындауға бағытталған.

IT шешімге мұқтаж кәсіпорындар мен мекемелер өз қажеттілігін сауалнама арқылы жолдайды. Ал өңірдегі ең үздік әзірлеушілер сол тапсырмаларға өз ұсыныстарын береді. Осылайша келісім-шарт жасау мәдениеті қалыптасып, жергілікті IT нарықтың дамуына серпін беріледі.

– IT білім беру бағытында қандай жұмыстар атқарылууда?

– IT саласына қызығушылық танытқан жастар үшін Tech Orda бағдарламасы өз жалғасын табады. Бағдарлама аясында облыстың кез келген жас тұрғыны еліміздегі аккредиттелген жеке IT мектептерінде грант негізінде білім ала алады. Қызылордалықтар өңірлік мектептермен қатар, Астана және Алматы қалаларындағы IT мектептерде онлайн форматта оқуға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, қазіргі таңда IT білім берудің үздік үлгілері саналатын Tomorrow School және TUMO School мектептерін ашу бойынша облыс әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қолдауымен жұмыстар жүргізілуде. Бұдан бөлек, хабта тұрақты түрде воркшоптар, буткемптер мен кездесулер ұйымдастырылады. Ал LUPIC халықаралық бағдарламасы аясындағы 3 айлық 4 білім беру бағдарламасы қыркүйек айынан бастап іске қосылады.

– Стартаптар мен IT компанияларына қандай қолдау көрсетіледі?

– Өңірдегі IT стартаптар мен компаниялар Astana Hub қатысушысы атанып, салықтық преференцияларға ие бола алады. Ең бастысы Kyzylorda Hub аясында көрсетілетін барлық қызметтер стартаптар үшін тегін. Бұл – жас кәсіпкерлер үшін үлкен мүмкіндік.

– Сыр жастарына айтар ойыңыз?

– Инновация мен технология – өңірдің болашағы. Біз барша жастарды, кәсіпкерлерді және жана идеясы бар азаматтарды Kyzylorda Hub алаңына белсенді қатысуға шақырамыз. Барлық анонстар мен жаңалықтар @kyzylordahub әлеуметтік желідегі парақшамызда тұрақты жарияланады.

Сұхбаттасқан
Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ШЫНЫДАН КӨРІНГЕН ШЫНАЙЫ ЕҢБЕК



Дайындаған Г.Өмешова

Өздеріңіз көргендей сыртта жиналған әйнек мұнда келгеннен кейін кесу станогына түседі. Тұтынушының тапсырысы бойынша размері бағдарламаға беріледі де, бірнеше бөліктерге бөлінеді. Тіпті технология әйнектің бір бұрышына жеке кәсіпкердің белгісі мен сатып алушының есімі жазылған жапсырма жабыстырады. Бұл станок күніне 1000 шаршы метр әйнекті кеседі. Келесі станок қапталған шыны арасына салынатын алюминий рамкасын жасайды. Ол да ұқыптылықпен жүзеге асырылады. Одан әрі кесілген әйнек жуу құралына жіберіледі. Онда фильтірілген су пайдаланылады. Қайта-қайта жуылған әйнек кептіріліп, мұнтаздай таза етіп шығады. Енді алюминий рамканың ішіне түйіршіктелген зат салынады. Ол рамка ішінде ауа, ылғал болмауын алдын алады. Мұны робот атқарады. Келесі станокта жуылған таза әйнектің шетіне герметикті робот айналдырып жағады. Екі қабат әйнек осылай дайын өнімге айналады. Оны жинауға да техника қолданылады. Әрі қарай бір күн тұрады да келесі күні тапсырыс беруші алып кетеді. Негізінен бұл шыны терезе, есікке және өзге де құрылысқа қолданылады. Сондай-ақ әйнек қалдықтарын да ысырап етуге жол бермейміз. Оны қайта шыны зауытына жібереміз. Өйткені қайта өңделуге жарамды, – дейді Жасұлан Пржанов.

Қапталған шыны өндіру цехының жұмысын көргеннен кейін келесі цехқа бардық. Онда ламинация жасауға арналған станок орналасқан. Терезеге арналған пластик профильдер тактайдай жиналған. Алдымен профиль көлеміне қарай кесіліп, станокқа жіберіледі де, түрлі-түсті пленка жабыстырылады. Кәсіпкер ламинация жасайтын технологияны Түркиядан алдырған. Құны 30 млн теңге. Сапасы өте жоғары. Ламинатталған пленка жабдырылғаннан кейін, профиль 6 данадан жиналады. Дайын өнімді буып-түюді де техника атқарады. Пленка түсін тапсырыс беруші өзі таңдайды. Негізінен пленка Алматыдан келінеді. Кореялық өнім. Желімді тікелей Германиядан алдырады. Бұл цех былтыр толық іске қосылыпты.

Кәсіпкерден кадр жайын да сұрадық. – Мұнда жұмыс істейтіндердің басым бөлігі жастар. Көпшілігі осында келіп тәжірибе жинайды. Мәселен жаңа ламинация цехындағы екі маман бастапқы кезде жүк түсіруші болып қабылданған. Елгезек, ынталы болғаннан кейін, техниканың тілін арнайы мамандар үйретті. Тез меңгеріп алды. Қазір олар нағыз маманға айналды. Сондықтан мұнда келгендер істі практика барысында үйренеді. Қапталған шыны өндіру цехындағы жастарды да бастапқы кезде баулыдық. Автоматтандырылған техниканы үйреніп, жұмыстарын ұқыпты атқаруда. Маман тандауда мәселе жоқ. Сондай-ақ жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Асхана

жұмыс істейді. Ыстық тамақпен қамтылған, – дейді ол.

Бұл аумақтың жұмысын көргеннен кейін шағын қоймаларды араладық. Онда қажетті техникалар, желімдер мен терезеге қажетті тордан бастап, барлық бұйымдар бар. Сапалы шикізаттың басым бөлігі сырт елдерден әкелінеді. Олармен арнайы келісімшарт жасалған.

– Жаңадан салынған қоймаларда тауар сақталады. Ең үлкенінің ұзындығы 100 метр. Әлі де атқарылатын жұмыс көп. Осы қойманың қабатына биыл жаңа қойма саламыз. Ал бұл жерге барлық цехты топтастырамыз. Қапталған шыны өндіру цехы да жаңадан салынған. Нысан соңғы жабдықтармен бой көтерді. Ыстық, суыққа төзімді материалды қолдандық. Шүкір, қыста бірқалыпты жылу ұстап тұр. Жұмысшылар үшін де арнайы бөлмесі бар. Киім ауыстырып, тынығуға болады, – дейді цех басшысы.

Сонғы нысанда заманауи үлгідегі екі станок орналасыпты. Станок есік бұрыштарын қысуға арналған. Мәселен жұмысшы тапсырысқа қарай есіктің қаңқасын жасаса, станок бұрышын берік етіп қысып береді. Бұл жоғары технологиямен жасалғандықтан қателік жіберілмейді. Бастапқы кезде кәсіпкер профильді кесіп, бұрышын қысуды ғана жасайтын, кейін тұтынушылардың талабын ескеріп, өздері жинауға кірісіпті. Қазір дайын есікке тапсырыс беруші көп.

Цех жұмысын көру барысында кәсіпкердің ең алдымен сапаға мән беретінін аңғардық.

– Бұл салаға 2005 жылдары келдім. Жай жұмысшы болдым. Ол тұста Алматы қаласында едім. Терезеге қажетті материалдарды саттық. Кейін Астана қаласынан филиалы ашылып, сонда ауыстым. Бір жылдан кейін Қызылордада ашылып, мені жауапты маман етіп жіберді. Уақыт өте, мекеме жабылып қалды. Қайта Алматыға оралып, түрік компаниясында жұмыс істедім. 2011 жылы компанияның Қызылордада филиалы ашылып, осында келдім. Кішкентай кеңсede 4-5 адам еңбек еттік. Пластик профильдерін сата бастадық. 2013 жылы түрік компаниясы еліміз бойынша жабылды. Сол кезде маған ой келді. Бір жағынан бұл салада әжептеуір тәжірибе жинадым. Кеңсені өзім ашып, тұрақты тұтынушыларды ұстап қалу керек болды. Түріктермен келісіп, қоймадағы затты алып, ісімді бастап кеттім. Қаражат жеткіліксіз болса да, тәуекел еттік. Несие алдым. Тапқан ақшаның бәрін айналымға құйдым, – дейді Жасұлан Пржанов.

Ол ісі алға басу үшін табандылықпен еңбек етті. Сауда саласының қыр-сырын меңгерді. Бастапқы кезде терезеге қажетті барлық өнім түрлерін алдырып, цехтарға өткізді. 2015 жылдан бастап пластик профильдерін де сата бастады. Оны Шымкент қаласынан алдыратын. Кейін тікелей Ташкентке тапсырыс берді. Пластиктен бөлек алюминий профильдерін де қосты. Осылайша тұтынушының

сұранысына сай тауар түрлерін көбейтті. 2021 жылы база ашу үшін қолайлы орын қарастырды. Қараусыз қалған жерді сатып алды. Оған «Даму» қоры арқылы қаражат алып, қойма мен кеңсені заман талабына сай етіп салды.

– Жаңа орынға көшіп келгеннен кейін алюминийден терезе, есік құрастыратын цех аштық. Былтыр ақ профильдің бетіне пленка жапсыратын цехты қостық. Ол жай пленка емес күннен, суықтан қорғайтын қасиетке ие. Түрлі-түсті болады. Станокты Түркия елінен алдырдық. Осылайша станокты 2025 жылдың маусым айында қолдана бастадық. Арнайы мамандар орнатып, қалай жұмыс істейтінін өзіміздің жұмысшыларға үйретті. Ламинация цехы іске қосылған күннен бастап-ақ нәтиже берді. Қапталған шыны өндіру цехын салу үшін қосымша жер алып, нысан аумағын кеңейттік. Алюминий профильді құрастыруды бастадық. Бұны жеке адамдарға емес, ірілі-ұсақты цехтарға жасаймыз. Өйткені бұрышын қысуға тек арнайы құрылғыны қолданамыз. Станокты «Даму» қоры арқылы сатып алдық, – дейді кәсіпкер.

Қапталған шыны өндірісіне қажетті әйнекті жергілікті шыны зауытынан алдырады.

– Айта кету керек, қапталған шыны өндірісін кәсіп етіп отырғандар процес-тің бәрін қол еңбегімен атқарады. Ал біз мұны жаңа технология, яғни автоматтандырылған құрылғылар арқылы жүзеге асырамыз. Бұл өңірдегі алғашқы қапталған шыны өндіру цехы десек те болады. Жалпы, бұл онай іс емес. Аса ұқыптылықты қажет етеді. Себебі, шыны өте нәзік бұйым. Қолданыс барысында қате кетпеуі керек – дейді цех басшысы.

Маман ретінде терезенің сапасы ең маңызды дүние екенін түсіндірді. Оның айтуынша, терезе үйдің негізгі көзі әрі жарық, жылу қабылдайды. Шың-тозаңнан қорғайды.

–Үйді заман талабына сай етіп соғып, бірақ арзан терезе қоятындар да бар. Сол себепті көпшілік пластик терезелердің буланып, көтеріп кететінінөшағымданады. Ол сапасына әрі тұрғынның өзінің пайдалану әдісіне де байланысты. Терезе таңдағанда әрбір детальіне мән берген дұрыс. Мысалы менен сапалы тауар алғанымен кәсіпкер оны дұрыс құрастыра алмауы мүмкін. Содан сапасы төмен терезе қойылады. Оның жарамдылығы да сын көтермейді. Осыны ескере келе енді терезені де құрастыруды қолға аламын. Жаңа жоғарыда атап өттім, осы жылы жаңа қойма салып, қазіргі қойманы цехқа айналдырамын. Сол жерге жылжымалы, автоматтандырылған лента технологиясы қойылады. Сонда шикізат бір лента бойында дайын дүниеге айналып шығады, – дейді біз болған кәсіпорын басшысы.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

